

НҮРЛЫ ЖОЛ

1991 жылдың 10 январынан
шыға бастадыӨзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы
Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті№36-37 (3200), сәрсенбі,
8 май, 2024 жылВЕНГРИЯМЕН КӨПЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ОДАН
ӘРІ КЕҢЕЙТУ МҮМКІНДІКТЕРІН АТАП ӨТТІ

Өзбекстан Республикасының Президенті 7 май күні бірлескен Үкіметаралық комиссияның жұмысына қатысу үшін елімізге келген Венгрияның сыртқы істер және сауда министрі Петер Сийяртоны қабылдады.



Петер Сийярто мемлекетіміз басшысына Венгрия Премьер-министрі Виктор Орбанның сәлемін және ең ізгі тілегін жеткізді, сондай-ақ үшінші Ташкент инвестициялық форумының сәтті өтуімен құттықтады.

Кездесуде Өзбекстан мен Венгрия арасындағы көпжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

Екі елдің стратегиялық серіктестігі дәйекті түрде нығайтып, іс жүзіндік қарым-қатынастар қарқынды дамып келе жатқаны қанағаттанарлықпен атап өтілді.

Барлық деңгейде белсенді диалогтар жалғасуда. Соңғы жылдары тауар айналымы екі есеге артып, бірлескен жобалар мен кәсіпорындар саны көбеюде.

Өнеркәсіп, фармацевтика, ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы, логистика, жылжымайтын мүлік нысандарын құру және басқа да бағыттардағы жобаларды ілгерілету мәселелері қаралды. Ташкент облысында Венгрия және Еуропа компанияларының жобалары үшін арнайы экономикалық аймақты тез арада іске қосудың маңыздылығы атап өтілді.

Гуманитарлық алмасу да кеңейіп келеді. Студенттеріміз Венгрияның жетекші жоғары оқу орындарында білім алады.

Сондай-ақ халықаралық және аумақтық ұйымдар, соның ішінде Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша пікір алысылды.

ӨЗА

Өзбекстан Республикасы Президентінің
Баспасөз қызметі суреті.Өзбекстан Республикасы Президентінің
ЖАРЛЫҒЫЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
СОҒЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ
ЫНТАЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ

Елімізде 9 май — Еске алу және қастерлеу күні жалпыұлттық мереке ретінде кең көлемде аталып өтілумен қатар, Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан ата-бабаларымыздың рухын мәңгілікке қалдыру, бүгінде қатарымызда тұрып, Отанымыздың беделін арттыруға, жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге үлес қосып жүрген ардагерлерге құрмет көрсету, сондай-ақ фашизмді жеңген жеңістің 79 жылдығына орай соғыс ардагерлері мен мүгедектерін материалдық ынталандыру мақсатында:

1. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылардың және мүгедектердің әрқайсысына 20 000 000 (жиырма миллион) сум мөлшерінде біржолғы ақшалай сыйлық белгіленсін.

2. Осы Жарлықты іске асыруға байланысты қаражаттар Өзбекстан Республикасының республикалық бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылсын.

3. Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кеңесі, облыстар мен Ташкент қалалық әкімдіктері Қорғаныс министрлігі, Ұлттық гвардия, Мемлекеттік қауіпсіздік қызметі, Ішкі істер министрлігі, Экономика және қаржы министрлігі, Мәдениет министрлігі, Өзбекстан махаллалары қауымдастығы, Республикалық Руханият және ағарту орталығы, Өзбекстан ардагерлерінің әлеуметтік іс-әрекеттерін қолдап-қуаттау “Нуроний” қорымен бірлесіп, Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылар мен мүгедектерге осы ақшалай сыйлықты салтанатты және мереке-лік жағдайда табыстауды қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын қадағалау міндеті Өзбекстан Республикасының Премьер-министрі А.Н.Ариповқа жүктелсін.

Өзбекстан Республикасы
Президенті

Ш.МИРЗИЯЕВ

Ташкент қаласы,
2024 жылғы 16 апрельӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
ЖАҢАДАН ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ЕЛШІЛЕРДІҢ СЕНІМ
ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

7 май күні елімізге жаңадан тағайындалған шетел елшілерінің сенім грамоталарын салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті.

Өзбекстан Республикасының Президенті Венгрия елшісі Йозеф Рожа, Иран Ислам Республикасының елшісі Мухаммадали Искандарий, Чехия Республикасының елшісі Любомир Фреборт, Оман Сұлтандығының елшісі Вафо әл-Бусаидий, Алжир Халық Демократиялық Республикасының елшісі Мухаммад Иркийден сенім грамоталарын қабылдады.

Мемлекетіміз басшысы шетел дипломатиялық өкілеттіктерінің басшыларын тағайындауларымен шынайы құттықтап, олардың Өзбекстан мен олар өкілдік ететін елдерді жақындас-тырудағы және көпқырлы ынтымақ-тастықты дамытудағы маңызды рөлін атап өтті.

Өзбекстан Президенті жаһандық геосаяси және экономикалық мәселелер шиеленісіп, тұрақты дамуға қауіп төніп тұрған қазіргі кезеңде елдер арасында сындарлы диалог орнатуда, достық және өзара тиімді қарым-қатынас орнатуда дипломаттардың қызметі маңыздырақ болып отырғанын атап өтті.

“Өзбекстан Республикасының сыртқы саясатының ең басым бағыттары “Өзбекстан — 2030” стратегиясында көрсетілген. Атап айтқанда, әлемнің барлық елдерімен достық және ынтымақтастық қарым-қатынасты нығайту, экономикамызға шетел инвестициясын тарту, өндіріс пен экспорттық әлеуетті арттыру, жеке секторға барынша қолайлы жағдай жасау.

— Бүгінгі Өзбекстан — әлемге ашылып келе жатқан, шетелдік серіктестерімен ұзақ мерзімді және жан-жақты қарым-қатынастарды дәйекті түрде дамытып келе жатқан бейбітшіліксүйгіш, әділетті әлеуметтік мемлекет, — деді Президент.

Мемлекетіміз басшысы Өзбекстан экономикасының соңғы жеті жылда екі есе өскеніне, инвестиция, тауар айналымы көлемінің үдайы өсіп, экспорт географиясының кеңейіп жатқанына назар аударды. Әлемдегі жетекші компаниялар мен танымал брендтер базарымызға белсенді түрде енуде.

Күні кеше 93 мемлекет өкілдерінің қатысуымен өткен үшінші Ташкент инвестициялық форумы мен Шетелдік инвесторлар кеңесі жиналысының сәтті өтуі — соның айқын дәлелі.

Өзбекстанның бұдан кейін де халықаралық аренада ашық, болжамды да белсенді сыртқы саясатты дәйекті түрде жүргізетініне тоқталған мемлекет басшысы елшілердің назарын олар өкілдік ететін елдермен қарым-қатынастарды сапасы мен мазмұны жағынан жаңа деңгейге көтерудің маңыздылығына аударды.

Венгрия елшісіне арнаған сөзінде Президентіміз Будапешт Өзбекстанның Еуропадағы маңызды және уақыт сынынан өткен сенімді серіктесі екенін атап өтті.

— Соңғы жылдары Премьер-министр Виктор Орбанмен қатан ұмытылмас және нақты мақсатқа бағытталған әрекеттеріміздің нәтижесінде біздің қарым-қатынасымыз стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді, — деді Президент.

Сондай-ақ екіжақты тауар аясырбастау екі есеге өтті, біріккен кәсіпорындардың саны артып келеді, өткен жылы Будапештте Өзбекстан елшілігі ашылды, Венгрияның жоғары оқу орындарында “Stipendium Hungaricum” бағдарламасы бойынша жүзден астам өзбекстандық студент білім алады. “OTR Bank”, “Bonapharm”, “Gedeon Richter”, “Meditor” сияқты бірқатар жетекші венгр компаниялары мен банкітері еліміздің базарында табысты жұмыс істеуде.

Ташкент пен Будапешт арасындағы әуе рейстерінің басталуы іскерлік байланыстар мен туристік алмасуларды одан әрі жандандыруға қызмет ететініне сенім білдірілді.

Мемлекетіміз басшысы Иран мен Өзбекстан арасындағы қарым-қатынастар мыңдаған жылдық тарихи тамырлардан қуат алатынын атап өтті. Бүгінгі Иран — экономикалық, мәдени және интеллектуалдық әлеуеті зор ел. Жоғары деңгейдегі тарихи сапарлар мен соңғы жылдарда қол жеткізілген маңызды ке-

лісімдер қарым-қатынастарымыздың жаңа өсу кезеңін бастап берді.

Барлық деңгейдегі өзара диалогтар жанданды. Екіжақты сауда көлемі артып, біріккен кәсіпорындардың саны 300-ге жетті. Атап өтілгендей, тараптар тауар айналымын 1 миллиард долларға жеткізу бойынша нақты жоспарларды белгіледі.

Өзбекстан Иранмен тау-кен, энергетика, химия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және фармацевтика салаларындағы ынтымақтастық аясын кеңейтуге мүдделі.

Көлік дәліздері мен транзит саласындағы ынтымақтастық әлеуетін толық пайдалану маңыздылығы айтылды.

Президентіміз Чехия Республикасы Өзбекстанның Еуропа Одағындағы дәстүрлі және маңызды серіктесі екенін атап өтті. Өткен жылы үкіметтік делегациялардың өзара сапарлары екіжақты қарым-қатынасымызды жаңа деңгейге көтерді.

Өткен жылдың өзінде өзара сауданың екі есеге артқанының өзі ынтымақтастықтың зор мүмкіндіктері бар екенін толық растайды. Өзбекстанда өнеркәсіп, инфрақұрылым, медицина, құрылыс материалдарын өндіру салаларында Чехияның жетекші компаниялары табысты жұмыс істеуде. “Ташкент-Прага” авиакатынаулары ашылып жатыр. Келісілген инвестициялық жобаларды толық іске асырудың және өнеркәсіптік кооперация бағдарламасын қабылдаудың маңыздылығы атап өтілді. Чехия Экспорт банкі мен Экспортқа кепілдік беру және сақтандыру корпорациясының еліміздің банк-қаржы базарына кіру жоспарлары жоғары бағаланды.

Президентіміз Оман Сұлтандығы Өзбекстанның Таяу Шығыс аймағындағы маңызды серіктестерінің бірі екенін атап өтті. Қасиетті Ислам діні, ұқсас салт-дәстүрлер мен құндылықтар ынтымақтастығымыздың берік негізі болып табылады.

— Ташкентте Сұлтан Хайсам Ол Саидтың қатысуымен ашылған Шығыс-

тану институтының зәулім кітапханасы елдеріміз арасындағы достықтың айрықша белгісі, — деді мемлекетіміз басшысы.

Екі ел ынтымақтастығында әлі пайдаланылмаған үлкен әлеует бар. Жақында Үкіметаралық комиссияның жиналысын өткізу, Кәсіпкерлер кеңесін құру қажет екені айтылды.

Ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, телекоммуникация, тоқыма өнеркәсібі, туризм сияқты салалар ынтымақтастық үшін келешегі зор. Өзбекстан-Оман инвестициялық компаниясының мүмкіндіктерін тиімді пайдаланудың маңыздылығы айтылды.

Өзбекстан Президенті Алжирдің араб-мұсылман әлемінде қарқынды дамып келе жатқанын, экономикалық әлеуеті зор мемлекет және Африка құрлысындағы болашағы зор серіктес екенін атап өтті. Алжир Ташкентте өз елшілігін ашқан алғашқы араб елі болды.

Жоғары деңгейдегі кездесулерді ұйымдастыру, саяси кеңесулер механизмін енгізу, екіжақты қарым-қатынастарға тың серпін беретін Үкіметаралық комиссияның бірінші жиналысын өткізу қажет екені баса айтылды.

Мұнай-газ, энергетика, ауыл шаруашылығы және туризм салаларында нақты инвестициялық жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыру үшін делегациялардың өзара сапарларын ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

Салтанатты жиын соңында Президентіміз елшілерге абыройлы жұмыстарға тың табыс тілеп, еліміздің өңірлерін аралап, аймағымызда жүргізіліп жатқан жасампаздық істерімен танысуға шақырды. Бұл, ынтымақтастықты нығайтуға сөзсіз қызмет ететінін атап өтілді.

Дипломаттар жылы қабылдауға және олардың нәтижелі жұмыс істеулеріне жасалған жағдайға ризашылықтарын білдіріп, Өзбекстанмен көпқырлы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға күш-жігерлерін жұмылдыратындарын айтты.

ӨЗА

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ
ІССАПАРМЕН РЕСЕЙДЕ БОЛАДЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиязев 8-9 май күндері іссапармен Мәскеу қаласында болады.

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің шақыруына орай мемлекетіміз басшысы бақылаушы мемлекет басшысы ретінде Жоғары Еуразия экономикалық кеңестің кезекті жиналысына, сондай-ақ Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 79 жылдығына арналған салтанатты шараларға қатысады.

Сапар аясында бірқатар екіжақты кездесулердің өткізілуі де жоспарланған.

ӨЗА

ЖЕРГІЛІКТІ КЕҢЕСТЕРДІҢ
ДЕПУТАТТАРЫ ТУРАЛЫ

Үстіміздегі жылғы 2 май күні Сенатта Өзбекстанда жергілікті билік органдары өкілдерінің қызметін 2030 жылға дейін дамыту концепциясын жасау аясында жергілікті Кеңестер депутаттарының мәртебесі мен қызметінің негізгі кепілдіктерін одан әрі нығайту бойынша Жұмысшы топтың жиналысы өтті.

Елімізде жергілікті мемлекеттік басқару өкілдік органдарының қызметін жетілдіру, жергілікті атқарушы билік органдарының қызметін трансформациялау, барлық істерді “тұрғындардың мүддесі үшін қызмет ету” қағидаты негізінде жолға қою, “Күшейтілген Кеңес, есеп беретін және бастамашыл әкім” идеясын өмірге енгізу мақсатында Өзбекстанда жергілікті билік өкілдік органдары қызметін 2030 жылға дейін дамыту концепциясын жасау жоспарланған.

Сол бойынша Олий Мажлис Сенаты Кеңесінің қаулысымен Сенаттың төрағалығында Комиссия және белгіленген әрбір бағыт бойынша жұмысшы топтар құрылды.

Атап айтқанда, 3-топ — жергілікті Кеңестер депутаттарының мәртебесі мен

қызметінің негізгі кепілдіктерін одан әрі нығайту бағыты бойынша Жұмысшы топ құрылды.

Жұмысшы топтың жиналысында Концепция және оны жүзеге асыру бойынша іс-шаралар бағдарламасының жобаларында жергілікті Кеңестер депутаттарының мәртебесі мен қызметінің негізгі кепілдіктерін одан әрі нығайту бағыты бойынша өкілдік органдарын шын мәнінде басқару институтына айналдыру, бұл бағыттағы жаңа тәртіптер мен қағидаттарды енгізу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Жұмысшы топ мүшелеріне бірқатар міндеттер жүктелді. Соның ішінде халық депутаттары Кеңестерінің нәтижелі жұмыс жүргізуіне тосқауыл болып жатқан факторлар мен себептерді талдау, өкілдік органдарының қызметіне қатысты шетелдік тәжірибені үйрену, содан қорытынды жасап, Концепция жобасы бойынша ұсыныстарды қарау осылардың қатарына кіреді.

Өзбекстан Республикасы
Олий Мажлисі
Сенатының Ақпарат
қызметі.

Стандарттар

ЗАМАНАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ЕНГІЗУ

Жуырда Ұлттық баспасөз орталығында Өзбекстан Техникалық тұрғыдан реттеу агенттігі құзырындағы Стандарттар институтының ұйымдастыруымен “Халықаралық және ұлттық стандарттарды жасау мен оны салаға екенін енгізуде стандарттау бойынша техникалық комитеттердің орны және маңызы” тақырыбында баспасөз конференциясы өтті.

Шарада техникалық тұрғыдан реттеу, стандарттау, сертифициттау және метрология салаларында құрылымдық реформаларды одан әрі тереңдету, саланы халықаралық үлгіге сәйкестендіру, стандарттарды кеңінен пайдалану алаңын жарату, сәйкестікті бағалау үдерісіне заманалық әдістерді енгізу мақсатында салада Өзбекстан Республикасы Президентінің “Техникалық тұрғыдан реттеу саласындағы мемлекет баскаруын одан әрі жетілдіруге қатысты іс-шаралар туралы” Жарлығы, сондай-ақ оның негізінде Өзбекстан Республикасы Президентінің “Өзбекстан Техникалық тұрғыдан реттеу агенттігінің қызметін жетілдіру іс-шаралары туралы” қаулысы қабылданғаны жөнінде ақпар берілді. Сондай-ақ Өзбекстан Техникалық тұрғыдан реттеу агенттігі Министрлер Кабинетінің

құрамына өткізілгені жөнінде жұртшылыққа ақпар берілді. Өзбекстан Республикасы Премьер-министрінің төрағалығымен техникалық тұрғыдан реттеу саласын дамыту бойынша Республикалық кенсеаралық кеңес құрылғаны да айтылды. Онда Президент жарлығы мен қаулысы Өзбекстан стандарттар институты алдына да маңызды міндеттерді қоятыны, елімізде өндірілетін ұлттық өнімдеріміздің сапасын арттыруға, әлем базарына бәсекеге қабылеттілікті қамтамасыз етуге бағытталғаны тілге етілді. Сондай-ақ стандарттау, сертифициттау мен техникалық тұрғыдан реттеу саласында түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыруға, саланы жана басқшықа көтеруге негіз болады. Жарлық пен қаулы Дүниежүзілік сауда ұйымы, ISO талаптары мен халықаралық терминдер, ұғым-

дармен байытылып, оларда стандарттар қолданылуынын еріктілігі белгіленді. Сонымен қатар стандарттарды қолдануда мемлекеттің араласуын азайту мен стандарттарды қабылдау “консенсус” негізінде жүзеге асырылатыны сияқты нормалар енгізілді. Салада өнімдерге қойылатын мәжбүрлі талаптарды белгілейтін 67 техникалық регламентті қабылдау көзделіп, үстіміздегі жылы соның 20-сынын қабылдануы жоспарланған. Жыл соңына дейін мамандардың жалпы 1700 халықаралық стандартты қабылдайтыны белгіленді. Сонымен қатар Ұлттық кордың 20,5 мың стандартынын ДДҰ ережелері мен талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ Өзбекстан экономикасы үшін тиімділігін тексеру мен қайта қарау, соның 2578-ін осы жылы қайта қарау жоспарланған. Салада адам факторын азайту мақсатында агенттік пен оның жүйесіндегі ұйымдарда көрсетілетін қызметтерді ақпарат-коммуникация технологиялары арқылы толық автоматтандыру қарастырылады. Бүгінгі таңда институттың <http://uzsti.uz> ресми веб-сайты арқылы техникалық тұрғыдан реттеу саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарды жұртшылық талқылауынан өткізу, сондай-ақ осы сайт арқылы стандарттарды электронды платформа арқылы он-

лайн жеткізіп беру жүйесі енгізіледі. Ал бұл кәсіпкерлер мен жергілікті өндірісшілер қызметінде жеңілдіктер мен кен мүмкіндіктердің жаратылуына негіз болады. Өзбекстан стандарттар институты алдына қойылатын өзекті мәселелердің тағы бірі — бұл салада жұмыс жүргізетін кадрлардың білімін жетілдіру мен қайта даярлау жүйесін жетілдіру, салада үздік мамандарды даярлауда шетел тәжірибесін пайдалану, ынтымақтастықтың нәтижелі жүйесін енгізу екені айтылды. Бұл қызмет техникалық тұрғыдан реттеу, стандарттау, метрология, сәйкестікті бағалау, сондай-ақ ветеринария, карантин және санитария салаларында мамандарды даярлау бойынша да енгізілді. Мұнда бірінші рет қайта даярлау үшін 2 оқу бағдарламасы дайындалып, оған 5 ай (720) сағат бөлінді. Қазірде жоғары оқу орынында мамандарды даярлауға ерекше назар аударылуда. Оған Түркия, Ресей және Беларусь мемлекеттерінің жетекші сарапшылары жұмылдырылды. Институт көлемінде ғылыми-техникалық жобалар басшылығына ғылыми дәрежеге ие мамандарды жұмылдыру барысында да іс жүзіндік жұмыстар атқарылды.

Арухан АҚПАНБЕТОВА, “Нұрлы жолдың” тілшісі.

Жылы лебіз

Өзбек пен қазақ халқы ғасырлар барысында аға-іні, бір атаның перзенті ретінде бірін-бірі қолдап-қуаттап келген. Ет пен тырнақты бір-бірінен ажыратуға болмағандай, бұл екі ұлтты да бір-бірінен бөлуге болмайды. Өйткені ғазал мүлкінің сұлтаны Өлішер Науаи “Олар әрқашан, мәңгі, бөлінбейтін одақта тұрсын”, — деп өзбек пен қазақ халықтарына бағытталып айтылған сөздері ғасырлар бойы өз дәлелін табуда. Жақсы күнде де, қиын-қыстау сәттерде де бұл екі ұлт арасындағы ынтымаққа ешқандай жауыз күштер бөгет бола алмаған.

ДОС ҚИЫНДЫҚТА БІЛІНЕДІ

Жуырда Қазақстан Республикасында туындаған су тасқыны салдарынан залал көрген тұрғындарға гуманитарлық жәрдем жүгін жіберуде ұйымдастыру, сондай-ақ белгіленген мекенге жеткізіп берумен байланысты мәселелерге бағытталған Министрлер Кабинетінің өкімі қабылданған еді. Соған сәйкес Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияевтың тапсырмасы негізінде Өзбекстан делегациясы құрамында Өзбекстан Республикасы Президентінің Аралбойы аймағын тұрақты дамыту мәселелері бойынша кеңесшісі Тұрсынхан Худайбергенов, Сыртқы істер министрінің орынбасары Бобур Усмонов және Төтенше жағдайлар министрінің орынбасары Шухрат Жураевтар Қазақстанның түрлі облысында су тасқынынан жәбірленгендерді қолдап-қуаттау мақсатында бірнеше мың тонна күріш, сорпа

консервілері, консервіленген палау, жемісті тосаптар, құнбағыс майы, макарон өнімдері, матрастар, жастық және көрпе-төсектер, балалар мен үлкендерге арналған киім-кешек, шатырлар, сондай-ақ 700-ден артық үрленетін қайықтар жөнелтілгені туралы хабар интернеттегі парақшаларда жарияланған еді. Дос қиыншылықта білінеді, дегендей, су тасқынан жәбір көрген қазақ бауырларымызды қолдап-қуаттау мақсатында біздің аудандастар да қарап қалмай атсалысуда. Олар да өздерінің гуманитарлық жәрдемдерімен үлес қосуда. Бір ғана Жоғарышыршық ауданындағы Яшнабад махалла азаматтар жиыны белсенділері мен қайырымды азаматтары тарапынан үн, макарон, күріш, қарақұмық, май өнімдері, матрастар, жастық, көрпе-төсектер, балалар мен үлкендер үшін киім-ке-

шектер, жалпы 65 миллион сумнан астам қайырымдылық жәрдемі көрсетіліп, белгіленген мекенжайға жеткізілді. Осы көрсетілген гуманитарлық жәрдемді ұйымдастыруға махалла белсенділері мен ақсақалдары Абдуғани Абдурахманов, Бердәлі Жунусалиев, Махамдали Сиддиқов, Азамат Ахмедов, Азизбек Шертаев, Саттор Эргашев, Хафиза Курбонова, Нафиса Зайнобиддиновалар өз үлестерін қосты. Яшнабадтық жомарт адамдар көрсеткен гуманитарлық жәрдемді есітіп Өзбекстан халық ақыны Махмуд Тоирдың: “Өткеніне бір қара, олардай күйген бар ма? Тарихтан тамыры бір өзбек пенен қазақтың, Қасірет шексе азабы бір өзбек пен қазақтың, — деген өлең жолдары еріксіз ойға келді. **Латиф МАНСУР, Жоғарышыршық ауданы.**

Жасыл энергия

ШАРЫҚТАП КЕТКЕН НАРЫҚҚА ШОЛУ

Өлемде пайдаланылатын энергияның көп бөлігі пайдалы қазбаларды жағудан пайда болады. Ғалымдар 2030 жылға дейін әлем халқы пайдаланатын энергияның мөлшері қазіргімен салыстырғанда 55 пайызға өседі деп болжамдап отыр. Осыдан 5000 жыл бұрын адам баласының қалыпты өмір сүруі үшін күніне 12 000 ккал қажет болатын. Қазіргі заманда қалыпты адамның өмір сүруі үшін күніне 230 000 килокалория энергия қажет екен.

Қазіргі әлемде энергетика қоғамдық өндірістің ілгерілеуін айқындайтын өнеркәсіптің базалық салаларын дамытудың негізі. Бүгінде жел сәл күшейе бастаса немесе аспанды қара бұлт басып, жанбыр жауа бастаса, “жарық өшіп қала ма?” деп үрейленеміз. Бұл бекер емес. Өйткені көп жағдайда ауа райы аздап өзгерсе де, аптап ыстық болып немесе күн салкындаса, жер-жерде электр жарығына қатысты мәселе туындайтыны ешкімге де жасырын емес. Неге бұлай болып жатыр? — деген сұрақ туындайды. Мамандар бүгінгі таңдағы үзілістердің басты себебі желілердің тым ескіргені деп отыр. Жазда немесе қыста үйде жарықтың жиі сөніп қалуының себебі де осы. Бұл адам сенгісіз, бірақ еліміздегі қолданыстағы электр жабдықтарының 40 пайыздан астамы ескірген. Мысалы, жалпы ұзындығы 274000 шақырым электр жеткізу желісінің 122 мың шақырымы (яғни 44,5 пайызы), 93 мыңнан астам трансформатор пунктінің 33 мыңы (35,5 пайызы) 40 жылдан астам пайдаланылған. Дәл осы себеппен қатерлі ісік қатты суық немесе ыстық болған кезде, бірден проблема туындайды. Бұл халықтың орынды наразылығына себеп болады. Желілердің ескіруіне байланысты өндірілген электр энергиясын тұтынушыға жеткізуде көптеген ысыраптар орын алу-да. Дамыған елдерде бұл көрсеткіш 7-8 пайыз болса, бізде 15-20 пайызға жетеді. Бұл нені білдіреді? Еліміздегі барлық электр станцияларында өткен жылы 78 миллиард киловатт-сағат электр энергиясы

өндірілді делік. Желінің ескіруіне байланысты оның 12 миллиард киловатт сағаты (15,3 пайызы) тұтынушыға жетпей қалды. Тіпті халықаралық стандарттар бойынша белгіленген 7-8 пайыздық техникалық ысырапты алып тастағанның өзінде, шамамен 6 миллиард киловатт-сағат электр энергиясының артық жұмсалғаны белгілі болады. Бұл жоғалған 6 миллиард киловатт-сағат электр энергия 2 миллион 500 мың тұтынушының жылдық әлеуметтік нормасына тең. Сонымен қатар соңғы жылдары көптеген құрылыс жұмыстары жүргізілді, жаңа тұрғын үйлер салынды. Атап айтқанда, Құрылыс министрлігінен алынған ақпаратқа қарағанда, 2017-2023 жылдары 351 мың 786 пәтерлік 8 мың 405 көпқабатты тұрғын үй құрылып, пайдалануға берілген. Тек 2023 жылдың өзінде 84 417 пәтерлік 1 893 көпқабатты тұрғын үй салынды. Әр пәтерде орта есеппен 3 бөлме, ас үй, жуынатын бөлме, дәретхана, балкон бар делік. Енді олардың әрқайсысына ең үнемді 12 ватты шамдар қойылса, сағатына 84 квватт-сағат тұтынылады, ал олар күніне орта есеппен 8 сағат қосылса да, 672 ватт-сағат электр энергиясы жұмсалады. Бұл тек бір шамды қосу арқылы бір ғана үй айына 20,2 кВт/сағ электр энергиясын пайдаланады деген сөз. Бұл көрсеткішті 351 мың 786 жана пәтерге көбейтсек, тұрғындар 2016 жылғыдай емес, бір айда қосымша 7,1 миллион кВт/сағ электр энергиясын тек үйінің ішін жарықтан-

дыру үшін пайдаланатыны белгілі болады. Оны бір жылға көбейтсек, 85,2 миллион кВт/сағ болады. Бұл энергияны үнемдейтін шамдар шкаласында ғана. Енді теледидар, тоназытқыш, мұздатқыш, микротолқынды пеш, кір жуғыш машина, компьютер, ноутбук, планшет, фен, үтік, ұялы телефон сияқты электр жабдықтарын қоссақ, бір айдағы электр энергиясының шығыны осымен салыстырғанда бірнеше



жүз миллион кВт/сағ артық. Ескі үйлердегі жоғарыда аталған электр жабдықтарының санының көбеюіне, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің көбеюіне, қызмет көрсету көлемінің артуына, жаңа өндіріс орындары мен ірі зауыттардың іске қосылуына, басқа да осыған ұқсас факторларға байланысты. Екіншіден, 2017 жылы электр энергиясын тұтынушылардың жалпы саны 6 миллион 695 мың 539 (оның ішінде 6 млн 408 мың 541 тұрғын, 286 мың 998 заңды тұлғалар), 2024 жылдың 1 апреліндегі жағдай бойынша электр энергиясын тұтынушылардың жалпы саны 8 миллион 214 мың 819 (оның ішінде 7 миллион 768 мың 582 тұрғын, 446 мың 237 заңды). Өткен қысқа мерзімде 1 мил-

лион 519 мың 280 жаңа тұтынушы қосылды. Әрине, бұл көптеген жылдар бойы орнатылған электр жабдықтарының шамадан тыс жүктелуіне әкеледі. Үшіншіден, электр энергиясы мен табиғи газдың қымбаттағанына қарамастан, бұл ресурстар тұтынушыларға орта есеппен 4,3 есе арзанға жеткізіледі. Мәселен, үйге жеткенше электр энергиясының құны 1 кВт/сағ 990 сум болғанымен,

Төртінші себеп — субсидиялау жүйесіне әділетсіз қарау салдарынан халықтың аз қамтылған бөлігі мемлекеттен аз мөлшерде көмек (субсидия) алып жатса, ауқатты топ өкілдері мемлекеттен өте көп мөлшерде субсидия алады. Мысалы, бүгінде бір кВт/сағ электр энергиясы үшін мемлекеттен 695 сум алатын нашар отбасы орта есеппен ай сайын 34 750 сум (50 кВт/сағ үшін) субсидия алса, 4000 аса бай тұрғын сағатына 1 475 000 сум

шаруашылыққа орта есеппен 3-4 мың шам, бір теледидар, бір шаңсорғыш, бір тоназытқыш келетінін ескере отырып, бір трансформатор орнатылды. Салдарын ойланбастан жүргізілген құрылыстардың арқасында бүгінде сол трансформаторда 10-15 мың шам, 3-4 теледидар, 2-3 тоназытқыш, 2-3 кондиционер, компьютер, микротолқынды пеш, ноутбук, 10-ға дейін ұялы телефон бар, шаңсорғыштар, үй шаруашылықтарының көпшілігінде машиналар кір жуғыш машиналарды, ыдыс жуғыштарды және басқа заманауи электр құрылғыларын қосу үшін электр қуатын беруге мәжбүр. Қарапайым сөзбен айтқанда, 50 келі жүк көтеретін адамға 250 келіге дейін жүк арттырылады, оны шағымданбай, еңкеймей көтеругін сұраймыз. Бұған нүкте қою үшін желіде терең жаңғырту жұмыстарын жүргізу қажет. Бірақ бұл өте қиын міндет. Өйткені электр жарығын толықтай жою жүйелі және ұзақ үдеріс. Атап айтқанда, 2030 жылға қарай 9 885 шақырым жоғары вольтты электр желісі мен жалпы қуаты 37 290 мегаватт-ампер болатын 53 қосалқы станция салынады. Бұл өндірілген электр энергиясының тұтынушыға 5-6 пайыз ғана ысыраппен жетуін қамтамасыз етеді. Нәтижесінде бүгінде жоғалып жатқан электр энергиясының көп бөлігі үнемделеді. Сондай-ақ 6 мың 195 шақырым 500 киловольтты және 3 мың 690 шақырым 220 киловольтты электр жеткізу кабельдері, сондай-ақ жалпы қуаты 26 мың 640 мегаватт-ампер 22 500 киловольтты кабель және жалпы қуаттылығы 31 220 мың кабель, киловольттық 650 мегаватт-ампер қосалқы станциялары, жалпы қуаты 2 918 мегаватт болатын энергия сақтау (аккумулятор) құрылғылары салынады. Нәтижесінде желілердегі үзілістер толығымен жойылады. Өйткені бұл жұмыстарды жүзеге асыру арқылы электр беру желілерінің ұзындығы 90 пайызға, жалпы ұзындығы 22 мың шақырымға, ал қуатты қосалқы станциялар саны 62 пайызға артып, 138-ге жеткізілмек.

Бұл ретте 2024-2030 жылдары республикада 0,4-110 кило-

вольт электр тарату желілерін жаңарту және жаңғырту бағдарламасына сәйкес 93 мың 124 шақырым электр беру желілерін салу, жаңғырту және қайта жаңарту, 20 мың 521 трансформаторлық пункт пен 804 қосалқы станцияның жұмысы жоспарланған. Алдын ала есептеулер бойынша, ол үшін 23 триллион 714,8 миллиард сум қажет. Осы жұмыстар аяқталғаннан кейін республикадағы 8,1 миллион тұтынушының 4 миллионнан астамы электр қуатымен қамтамасыз етілетін болады. Яғни алдағы 40 жылда олардың электр қуатымен қамтамасыз етілуінде проблема болмайды. Үзілістерді тоқтатудың жалғыз жолы — ескірген жүйені толығымен жаңарту және жаңғырту. Ол үшін салаға қосымша қаржы күйіп, халықты энергия ресурстарын тиімді пайдалануға үйрету қажет. Электр энергиясы мен газ тарифтерінің көтерілуі, бір жағынан, жүйені жаңғыртуға қажетті қаражатты тартуға көмектессе, екінші жағынан, тұрғындарды электр энергиясын үнемдеуге үйретеді. Өйткені энергияның тиімді пайдалану жолға қойылмаса, энергия көздерін өндіру қанша ұлғайтылса да, өсіп келе жатқан суранысты қанағаттандыру күрделі мәселе болып қала береді. Энергетика адам өмірінің маңызды бөлігі. Оның даму деңгейі қоғамның өндіргіш күштерінің даму деңгейін және ғылыми-техникалық прогрестің мүмкіндіктерін көрсетеді. Алайда электр энергиясын үнемдеу қоршаған ортаның ластануын азайтады. Біздің елімізде электр энергиясы жылу электр және су электр станциялары арқылы өндіріледі. Жылу электр станциясы жұмыс істеу үшін отын жағылады. Ол ауаны ластайды. Біз ол ауамен тыныс аламыз. Үйде электр энергиясын барынша үнемдеу әдеті сараңдық емес. Керісінше, ақылды адамның ісі. Электрмен жабдықтау желілеріне қосылу-барлық уақытта өзекті мәселе. Электр энергиясын үнемдеу туралы аз айтылып жүрген жоқ. Дегенмен кейбіреулер оған мән бермейді. Себебі “ақша-сын төлесек болды емес пе?” деп саяз ойлайды. Себебі ештеңе мәңгілік емес, табиғаттың тазалығын сақтау — әр адамның борышы. “Судың да сұрауы бар” демекші, ол да бір күні мерзімінен ерте бітіп қалуы мүмкін екенін ескере жүргеніміз жөн.

Гүлзат ҚҰРБАНОВА, “Нұрлы жолдың” тілшісі.

